Әділет

# Ақтау қаласының Бас жоспары туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 10 ақпандағы N 128 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 5 қыркүйектегі № 1147 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.09.05 № 1147 Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі N 242-II Заңына сәйкес және Маңғыстау облысының әкімшілік орталығы Ақтау қаласының құрылысын кешенді дамытуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес Маңғыстау облыстық мәслихаты мақұлдаған Ақтау қаласының Бас жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

## Ақтау қаласы бас жоспарының негізгі ережесі

## 1. Жалпы ереже

Ленинград жобалау институтының сәулетшілері соңғы бекіткен бас жоспары 1983 жылы орындалды.

Экономика және тұрғын үй саясатындағы үлкен өзгерістер, қаланың жаңа бас жоспарын жобалау қажеттігін туғызды. Ақтау қаласының бас жоспарын әзірлеуге қалалық бюджетінен қаражат бөлінді.

2003 жылдың сәуірінде Ақтау қаласының бас жоспарын әзірлеу жөніндегі қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алуға конкурс өткізілді. Жеңімпазы болып "КадастрГрадПроект" ЖШС ОФ белгіленді, ол шартқа сәйкес Ақтау қаласының бас жоспарын әзірлеуді аяқтады.

Ақтау қаласы әкімінің жұмыс бабындағы кеңесінде қаланы дамытудың 7 нұсқасы қаралып, соның нәтижесінде сегізінші нұсқасы әзірленді, ол одан әрі жобалау үшін түпкілікті нұсқа ретінде қабылданды.

Қаралатын жоба, қаланы кешенді дамытуды, қала құрылысын салуды аймаққа бөлуді, қоғамдық қызмет көрсету жүйесін қалыптастыруды, көлік және

инженерлік инфрақұрылымды дамытуды, ұзақ мерзімді болжамды кезеңге аумақтарды абаттандыруды және резервке қалдыруды айқындайтын негізгі құжат болып табылады.

Бас жоспарды әзірлеу екі сатыда жүргізілді:

- Қаланың 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған қала құрылысы дамуының тұжырымдамасы;
- 2020 жылға дейін есептелген мерзімі бар Бас жоспары.

## 2. Жобалық шешімінің жалпы сипаттамасы

Ақтау қаласы 2020 жылға дейінгі кезеңде Қала құрылысы дамуының Тұжырымдамасына сәйкес Каспий теңізінің жағалық жолағын бойлай солтүстік-батыс бағытқа қарай дамитын болады. Солтүстік-шығыс жағында қала құрылысын салу Ақтау - Форт-Шевченко автомобиль магистралына дейін кеңейтілетін болады.

Қаланың екі бөлікке - ел қоныстанған (батыс) және өнеркәсіп - өндірістік ( шығыс) аймаққа бөлінуі сақталады. Қалада өзінің қалыптасқан аумақтық ауқымында, өнеркәсіп - өндірістік бөлігі, ел қоныстанған бөліктен бірнеше есе асып түседі. Тұжырымдамада өнеркәсіптік аумақтың сыртқы Шекарасы өзгеріссіз сақталған, ал ел қоныстанған аумақ 3 еседен аса ұлғайтылған. Өнеркәсіптік әлеуеттің дамуы әрекет үстіндегі кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру, тығыз құрылыс салу және жер учаскелерін барынша тиімді пайдалану есебінен жүргізілетін болады.

Қала құрылысын салуды игеруге қажетті аумақ есептелімге сәйкес 4700 га құрайды. Осы алаңға Ақтаудың солтүстік - батыс аумағы мен Маңғыстау, Қызылтөбе, Бірлік, Дәулет, Баянды, Приозерный поселкелерінің маңайындағы аумақтар енеді. Бас жоспарды әзірлеу кезеңінде жоғарыда аталған поселкелер 2001-2003 жылдарда жаңадан жеке тұрғын үй құрылысын салу есебінен белсенді түрде кеңейе түсті.

Ақтау қаласының орналасқан жерінің табиғи ерекшелігі тұрғысынан мынадай функционалдық бағыттар қабылданды. Бүкіл қаланы бойлай жатқан жағалық жолақ пен одан тысқары жерлер халықтың демалысы үшін тартымды жер болып табылады сондықтан да бас жоспардың жобасында оған жағажайлар, спорт және көңіл көтеретін кешендер, кафе, қонақ үйлер, санаториялар, пансионаттар, саябақтар, аттракциондар мен демалыстың басқада объектілері орналастырылған тынығу аймағы қарастырылған.

Қаланың солтүстік - батыс жағына орналасқан жаңа аумақтарда Орталық, Басқұдық, Солтүстік (болжамдық) үш жаңа тұрғын жай алабы Солтүстік - шығыс жағында орналасқан "Металлург" баубақша қоғамдастығының әрекет үстіндегі

тұрғын үй құрылысын салу аумағында, "Шығыс" жеке тұрғын жай алабын ұйымдастыру көзделген "Маңғыстау" тұрғын жай алабы, онымен аттас темір жол станциясы ауданында қалыптастырылады.

Қошқар-Ата қалдықтар қоймасының (қалдық сақтаушы) және тұрғын жай құрылысының санитарлық-қорғау жолағы шегінде, Ақтау - Форт-Шевченко автомобиль жолын бойлай, солтүстік - шығыс жақтағы аумақ тек өнеркәсіптік - өндірістік, коммуналдық - қоймалық және инженерлік объектілерді орналастыру үшін ғана пайдаланылады. Осынау аумаққа әйелдер қолын қажет ететін зиянсыз өндірістегі кәсіпорындар орналастырылатын болады, мұның әлеуметтік көзқарас тұрғысынан маңызы зор.

Осынау екі аймақ арасындағы аумақтар шегінде тұрғын үй және қоғамдық құрылыстарды орналастыру көзделген. Қаланың жаңа құрылыс салу бағыты, қашықтығы көлденеңі 5 км-ден - 1,5 км-ге дейін азайтылып, әрекет үстіндегі құрылыс салу шекарасынан ұзындығы 9 км солтүстік - батыс бағытқа созылып пішін үйлесімділігіне ие болады.

Сәулеттік - жоспарлау мен кеңістік ортаны қалыптастыру кезінде басты тартымды фактор Каспий теңізі болып табылады.

Осы тұрғыдан, жобада бойлай және көлденең жатқан магистральды көшелері бар қаланың ұдайы жоспарлы құрылымы анықталған.

Магистральды көшелер арасындағы қашықтық 500-900 метр шегінде алынды.

Жоспарлама қаңқасы, қала келбетін қалыптастыратын, магистраль маңайындағы аумағымен астасатын бойлық және көлденең магистральдар және ара-тұра қиылыстар, сәулеттік ансамбльдер мен кешендер желісінен тұрады. Бойлық бағытында - бұл үш негізгі магистральдан: біреуі - қаланы теңіз жағынан көмкеріп жатқан жаға тұстан өтеді. Онда тынығу - туристік, сауықтыру, көңіл көтеру сипатындағы орталықтар, қонақ үйлер, жасыл желекті саябақтар мен гүлзарлар, жағажайлар орналастырылады. Басқа екі магистраль өнеркәсіп аймағын айналып өтіп, біреуі - аудандық қызмет көрсете қамту орталықтарын біріктіріп, өнеркәсіп аймағынан ел қоныстанған аумаққа келеді; екіншісі оңтүстік жақтан бұрынғы Ленин көшесін бойлай жалғастырып, қиылыстарда ірі желілік әкімшілік - қоғамдық орталық көріністері (бас почтамт, әкімшілік ғимараттар, бизнес - орталығы, жобалау бюросы) қалыптасқан, көп функциональды орталық ( карьер орнындағы) арқылы өтіп, қала шекарасына қарай созылады.

Суретті қағаз мәтінінен қараңыз

Осы магистральға әкімшілік - қоғамдық, сауда, іскерлік, спорт, мәдени функциональдық мақсаттағы жалпықалалық орталықтар шоғырландырылады. Осылайша, әрбір бойлық магистральдың өзіндік мынадай басымдық функциясы бар:

- солтүстік магистраль еңбек ететін жерлерге жақындатылған;

- орта магистраль - жалпы қалалық маңызы бар әртүрлі функциональды орталықтарды шоғырландырады;

- жағалаудағысында - тынығу - көңіл көтеру сипаты басым болады.

Осы магистраль Ақшұқыр поселкесіне қарай бағытталған және қаланың келешек даму Тұжырымдамасы бойынша қаладағы ірі спорт орталығы - ипподром болып тұйықталады. Көлденең магистральдардың ішіндегі бастысы, тек жоспарлама сипатында ғана емес, сонымен бірге жоғары дәрежедегі көркемдік - эстетикалық сипатын қалыптастыратын бірегей қалалық элементтен тұратын айшықты әшекейлер болып табылады. Айшықты әшекейлер жаңа орталық ортаны қалыптастырады, онда жалпы қалалық орталықтың барлық функциясы шоғырландырылады. Аса маңызды бірегей объектілері, кешендері мен ансамбльдері бар көгалдандырылған саялардың, гүлзарлардың бірінен соң бірінің алмасуы қаланың естен кетпес айырықша ажарлы келбетін санада қалыптастыратын болады.

Қаланың әрекет үстіндегі негізгі көлденең магистральдарының теңізге қарай баратын қолайлы еңістік жолдары болады, осындай тәсіл жаңа қалада да жалғасын табады, теңізге қарай баратын жалпы қалалық магистральдарда көгалдандырылған гүлзарлар, еңістік жолдар, саялар, саябақтар қалыптастырылады.

Бас жоспардың жобасында есептелген мерзімге жалпы пайдаланудағы жасыл желек алаңдарын 123 га дейін жеткізу белгіленіп отыр. Қаланың көшелік - жол желісін ұйымдастырудың қабылданған жүйесі, қаланың әртүрлі аудандары арасындағы өзара қолайлы көлікпен және жаяу жүру байланысының мүмкіндіктері көзделген, ол сыртқы жолдарға шығуын да қамтамасыз етеді. Келешекте қалада шапшаң жүретін көлікті пайдалану көзделуде, ол үшін жобада осы мақсат үшін қолданылатын магистральдардың көлденең бағдарының жеткілікті өлшемді көрсеткіштері кіргізілген.

Есептелінген мерзімге магистральдық көшелік жол желісінің тығыздығы 2,67 км/км $^2$ құрайды, 87,8 км магистральдық желі, 174,3 км көшелер мен жергілікті маңыздағы жолдар салынатын болады. Қосымша 8 АМС мен 6 техникалық қызмет көрсете қамту станциясының құрылысы салынатын болады.

Қаланың одан арғы аумақтық өсуін ескере келіп, Бас жоспарда тағыда бірінші кезектегі 2 және есептелінген мерзімге 3 өрт депосының құрылысын салу көзделген.

## 3. Әлеуметтік-экономикалық даму

Маңғыстау облысын, және атап айтқанда Ақтау қаласын дамытудың стратегиялық мақсаты - соларға барлық әлеуметтік проблемаларды шешу тәуелді болатын, орнықты әрі бәсекеге қабілетті экономика мен сенімді инженерлік-көліктік инфрақұрылымын қалыптастыру болып табылады. Мұның өзі - халықтың өмір сүру сапасының артуы, экологиялық тепе-теңдікті қалыпты ұстау, әрекет үстіндегілерін жетілдіру, халықтың өмір сүруіне қолайлы жағдайлар туғызу мақсатымен жаңадан құрылыс салынатын жерлерде қаланың аумақтық-жоспарлы ұйымдарын қалыптастыру деген сөз.

Ақтау қалалық әкімшілігінің экономикалық қызметінің негізін мұнай өндіру өнеркәсібі құрайды. Жұмыспен қамтылған халықтың едәуір бөлігі мұнай өндіру саласында, атап айтқанда кенорындарында және мұнай мен газ өндіруге байланысты қызмет көрсететін кәсіпорындарында еңбек етеді.

Қазіргі кезде қала экономикасы: өнеркәсіп және энергетика, құрылыс, көлік және байланыс, басқару ұйымдары, қаржылық-несиелік мекемелер, коммуналдық-пайдалану қызметтері, қоғамдық тамақтандыру және сауда салаларынан тұрады.

Болжамдалған кезеңде шапшаң экономикалық өсу саясатын іске асырылуын қамтамасыз ететін қала мен облыс экономикасының даму келешегі, мұнай өндіру көлемінің өсуіне және ірі өнеркәсіп кешенін құруға, білім беру мен денсаулық сақтау жүйелерін жетілдіруге, туризм, демалыс және көңіл көтеру индустриясын дамытуға байланысты болмақ.

Бас жоспарда көзделген экономиканы дамытудың басым бағыттарына мыналар кіреді:

- көмірсутегі базасында, республиканың экспорттық әлеуетін кеңейту мақсатымен жаңа технологияларды пайдалана отырып қуатты мұнай-химиялық және химиялық кешен құру;
- орта және шағын бизнес кәсіпорындары едәуір бөлігінің қатысуымен тамақ, тоқыма, тігін және былғары өнеркәсібін одан әрі дамыту;
- әрекет үстіндегі жоғары оқу орындарында экскурсия жүргізушілерін, аудармашы бастап алып жүрушілерін, өнертанушыларды даярлау жөнінде арнайы бөлімдер ұйымдастыру және "Туризм және демалыс индустриясы", " Құрылыс салу", "Сауда-саттық", "Қонақ үйлер мен мейрамханалар" салаларында жұмыс істеу үшін орта және төменгі буындағы мамандар даярлау жөнінде арнаулы орта оқу орындарын құру;
- Бас жоспарда көзделген, тұрғын үй-азаматтық құрылыс жөніндегі бағдарламаларды іске асыру мақсатымен, жұмыс істемей тұрған кәсіпорындарды қайта қалпына келтіру, құрылыс материалдары мен конструкцияларының жаңа өндірістері құрылысын салу базасында құрылыс кешенін құру және кеңейту.

Өнеркәсіп - қала экономикасындағы негізгі сала болып табылады. 2002

жылы Ақтау қаласының әрекет үстіндегі өнеркәсіп кәсіпорындары мен өндірістері 168,5 млрд. теңгенің өнеркәсіп өнімдерін өндірді, оның нақты көлемінің индексі 2001 жылға 113,4% құрады.

Қала кәсіпорындары өндірген тауар өнімдерінің үлесі республикалық еңбек бөлінісінде 7,4%, облыстық - 61,5% құрады.

Өндірілген өнімдер көлемінің 93,0 пайызы тау-кен өндіру өнеркәсібінің, 5,2 - электр энергиясын өндіру мен бөлу өндірісінің, 1,8 - өңдеу өнеркәсібінің үлесіне тиеді. Тау-кен өндіру саласы құрылымының 99,9% мұнай, газ өндіру секторының үлесіне тиесілі.

Ақтау қаласының кәсіпорындары 2002 жылы облыс шикі мұнай көлемінің 61% өндірді.

Қазіргі кезде мейлінше ірі кәсіпорындар мен өндірістер - мұнай, газ өндіретін фирмалар, "Актал-ЛТД" химия кешені, "Пластмасса зауыты" ЖШС.

Осынау кәсіпорындарда 2002 жылы өнеркәсіп-өндірісі қызметшілері санының 93,0% жуық адам жұмыс істеді.

Ақтау қаласының Бас жоспары өнеркәсіп өндірісінің жедел өсуін көздейді, мұның өзі халықты жұмыспен қамти отырып, еңбек етуге жеткілікті сандағы орындарды құруға мүмкіндік береді.

Мұнай өндіру қарқынын арттыруға, әрекет үстіндегі кәсіпорындар қызметінің нәтижесінен өнеркәсіп өндірісінің өсу қарқынын одан әрі арттыруға, сондай-ақ республиканың экспорттық әлеуетін дамыту мақсатымен жаңа технологияларды пайдалана отырып көмірсутегі шикізаты базасында қуатты мұнайхимиялық және химиялық кешенін құруға бағытталған өнеркәсіп саясаты өнеркәсіп өндірісі көлемінің елеулі түрде өсіміне әкеледі.

Өнеркәсіптің барлық саласы дами түседі, олардың арасында, соларға құрылыс материалдары өндірісінің, тоқыма және тігін өнеркәсібінің дамуы тәуелді болатын, химия және мұнайхимия басымдық бағытта болып табылады.

Көмірсутегін өңдеу және олардың қалдықтарын қайта пайдалану, іс жүзінде тіршілік қызметінің барлық саласында пайдалануға болатын және ішкі рынокта ғана емес, сонымен қатар республикадан тысқары жерлерде де сұранысқа ие әртүрлі материалдар мен бұйымдардың сан алуан түрін шығаруға мүмкіндік береді.

Бас жоспарда прогрессивті технологияларды пайдалану негізінде мынадай кәсіпорындар мен өндірістер құрылысын салу ұсынылған:

- полимерлі гидрогели өндіру зауыты;
- қуаңшылық аймақ жағдайында ылғалды қамтамасыз ету мақсатымен, оларды ауыл шаруашылығында пайдалану үшін гидрогели негізінде, полимерлі композициялар зауыты;
- гидрогелиді пайдалану негізінде медициналық препараттар мен заттар

фабрикасы, бұл - медицинаның көптеген өзекті проблемаларын шешуге мүмкіндік береді;

- бұрғылау ұңғымаларынан мұнай қалдығын алу кезінде, ірі тұндырғыштарсыз-ақ мүмкіндік беретін, оларды пайдалану арқылы бұрғылау ерітінділерін тұрақтандырғыштар мен сулы мұнай эмульсияларын бұзушыларын шығаратын, мұнай өнеркәсібіне арналған гидрофильді полимер өндіру зауыты;

- электрондық бұйымдар зауыты;

- синтетикалық каучук зауыты;

- синтетикалық талшық комбинаты, оның құрылысын салу, маталар, жасанды үлбірлер, канаттар және с.с. шығару үшін тоқыма саласын шикізатпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді;

- әйнекті пластикалар зауыты (шынылыталшықтар, шынылытоқымалар), олар құрылыс материалдары өндірісінде ойдағыдай пайдаланылады;

- лакпен бояу материалдары зауыты;

- электр оқшаулау материалдары зауыты;

- тамақ және тамақ емес өнімдерге арналған буып-түю материалдарын шығару зауыты;

- композиттер негізіндегі құрылыс материалдары зауыты;

- санитарлық-техникалық жабдықтар шығару зауыты;

- спорт бұйымдарын шығару кәсіпорны;

- пластмасса ойыншықтар фабрикасы;

- жуу құралдарын шығару кәсіпорны;

- композициялық материалдардан жиһаз шығару зауыты және басқалары.

Өнеркәсіпті дамыту үшін "Еркін экономикалық аймақ" құрудың маңызды мәні бар, себебі, бұл - салықтық және кедендік жеңілдіктер мен преференциялар көздестіретін ЕЭА аумағында айырықша режим орнату жолымен жоғары қосылған құны бар ішкі сыртқы рыноктарда бәсекеге қабілетті әртүрлі өндірістерді осында шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Мұнайхимиялық және химиялық кешенінің бірқатар кәсіпорындары құрылысын салуды да ЕЭА режимінде жүзеге асыруға болады, бұл - қарымды инвесторларды тарта түседі.

Қазіргі заманғы және келешектегі өнеркәсіптің салалық құрылымы қызметшілерінің санымен бірге 1 кестеде келтіріліп отыр.

1 кесте

| Рет N | Өнеркәсіп саласы | Қызметшілер саны | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Бастапқы жыл | | Бірінші кезек | | Есептелген мерзім | |
| | | адам | % | адам | % | адам | % |
| | | | | | | | |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Мұнай мен газ өндіруге байланысты шикі мұнай мен табиғи газ өндіру | 21700 | 86,4 | 22000 | 68,9 | 23000 | 54,0 |
| 2 | Тамақ өнімдерін шығару | 446 | 1,8 | 1030 | 3,2 | 1380 | 3,2 |
| 3 | Тоқыма, тігін және былғары өнеркәсібі | 296 | 1,2 | 445 | 1,4 | 2215 | 5,2 |
| 4 | Баспа ісі | 305 | 1,2 | 370 | 1,2 | 450 | 1,1 |
| 5 | Химия өнеркәсібі | 200 | 0,8 | 2770 | 8,7 | 6955 | 16,3 |
| 6 | Пластмасса бұйымдарын шығару | 1066 | 4,2 | 2640 | 8,3 | 4350 | 10,2 |
| 7 | Басқа да бейметалл минералды өнімдерді шығару | 416 | 1,7 | 930 | 2,9 | 1400 | 3,3 |
| 8 | Даяр металл бұйымдарын шығару | - | - | 800 | 2,5 | 1400 | 3,3 |
| 9 | Машиналар мен жабдықтар шығару | 570 | 2,3 | 640 | 2,0 | 950 | 2,2 |
| 10 | Жиһаздар және басқа да өнімдер шығару | 100 | 0,4 | 300 | 0,9 | 500 | 1,2 |
|  | Жиыны | 25099 | 100 | 31925 | 100 | 42600 | 100 |

1 кестеден, қазіргі кезде өнеркәсіп салаларының арасында мұнай өндіру саласы мейлінше дами түскенін көреміз. Мұнда жұмыс орындарының 86,4% шоғырланған, оның едәуір бөлігі Ақтау қалалық әкімшілігінен тысқары жерде орналасқан. Екінші орында пластикалық бұйымдар шығару өндірісі тұр - жұмыс орындарының 4,2%, үшінші орында - машиналар мен жабдықтар шығару саласы 2,3%.

Келешекте жетекші орын, бұрынғысынша мұнай өндіру саласының кәсіпорындарында қалады, өнеркәсіп өндірісінің құрылымында қызметші адамдардың үлесі, бірінші кезектегі кезеңде 68,9% дейін және есептелінген мерзімге - 54,0% дейін кемиді. Химия өнеркәсібі екінші орынға ие болады, оның үлесіне бірінші кезектің аяғына шамамен 8,7%, есептелінген мерзімге - 16,3% жұмыс орны келетін болады.

Пластмасса бұйымдарын шығару жөніндегі сала, бірінші кезектің кезеңінде 2002 жылғы екінші орыннан үшінші орынға (8,3%) ауысады және оны есептелінген мерзімге (10,2%) сақтайтын болады.

"Тамақ өнімдері өндірісі", "Тоқыма және былғары өнеркәсібі" және "Басқа да бейметалл минералды өнімдер өндірісі" салалары елеулі түрде дами түседі. Мұнда жұмыс орындарының меншікті салмағы есептелінген мерзімге тиісінше

1,8, 4,3 және 1,9 есе ұлғаяды.

Тұтас алғанда өнеркәсіпте қызметші адамдар саны 2002 жылмен салыстырғанда шамамен бірінші кезектегі кезеңде - 1,3 есе есептелінген мерзімге - 1,7 есе өседі және тиісінше, 31925 және 42600 адам құрайды.

Экономика салаларының арасында қазіргі кезде халықтың жұмыспен қамтылған саны бойынша көптігі жағынан "Өнеркәсіп" (жұмыс істейтіндер жалпы санының 41,1%), "Білім беру" (10,5%), "Құрылыс" (10,2%) саласы болып табылады.

Бүкіл жобалау кезеңі бойына салалық құрылымда бірінші орын өнеркәсіпке ( 41,1% және 40,9%) тиесілі болады, "Білім беру" саласы (11.2% және 11,1%) " Құрылыс" (12.9 және 13,7%) саласына орнын беріп, үшінші орынға ауысады.

Туризм және демалыс индустриясын дамытуға айырықша көңіл болу кенелуде, осыған байланысты, бірінші кезектегі кезеңде салалардағы барлық жұмыс орындарының меншікті салмағы экономика салаларында жұмыспен қамтылған халық санының 1,7%, ал есептелген мерзімге - 1,9% құрайды.

"Көлік және байланыс", "Денсаулық сақтау", "Сауда-саттық, қонақ үйлер мен мейрамханалар", салалары; автомобиль және үйде пайданылатын бұйымдарды жөндеу" дами түседі. Мұнда тұрақты жаңа жұмыс орындарын құру көзделген.

Экономиканың қалған барлық саласы өз даму қарқыны бойынша алғашқы үшеуінен едәуір артта қалуда. "Электр энергиясын, газды және суды өндіру және бөлу" саласындағы қызметшілердің меншікті салмағы 2002 жылғы 7,6% салыстырғанда есептелген жылға 4,4% дейін төмендейді.

Мемлекеттік басқаруда, осы секторда жұмыспен қамтылған санының өсуі кезінде жұмыс орындарының меншікті салмағын қысқарту көзделген.

Экономикалық қызметтің ескертілмеген түрлері үшін жобада есептелген мерзімге еңбек ету орындарының резерві 3-6,5% мөлшерінде көзделген.

Ақтау қаласының қазіргі замандағы салалық экономикалық қызметі, жұмыспен қамтылған халық санымен және еңбек етуге көзделген қолда бар орындарымен бірге келешектегі құрылымы да 2 таблицада келтірілген.

2 кесте

| Рет N | Салалар | Қызметшілер саны | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Бастапқы жыл кезең есептелген мерзім | | | | | |
| | | Адам | Жиы-нына % | Адам | Жиы-нына % | Адам | Жиы-нына % |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 1 | Ауыл шаруашылығы | 216 | 0,4 | 300 | 0,4 | 400 | 0,4 |
| 2 | Өнеркәсіп | 25099 | 41,1 | 31925 | 41,1 | 42600 | 40,9 |
| | | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | Электр энергиясын, газды және суды өндіру және бөлу | 4650 | 7,6 | 3350 | 4,3 | 4610 | 4,4 |
| 4 | Құрылыс | 6230 | 10,2 | 10000 | 12,9 | 14330 | 13,7 |
| 5 | Сауда-саттық; автомобилді және үйде пайдалынатын бұйымдарды жөндеу | 640 | 1,0 | 800 | 1,0 | 1200 | 1,2 |
| 6 | Қонақ үйлер мен мейрамханалар | 770 | 1,3 | 1000 | 1,3 | 1500 | 1,4 |
| 7 | Көлік және байланыс | 3460 | 5,7 | 4550 | 5,9 | 6250 | 6,0 |
| 8 | Қаржы қызметі | 750 | 1,2 | 900 | 1,2 | 1200 | 1,2 |
| 9 | Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар, жалдау | 5780 | 9,4 | 6500 | 8,4 | 8000 | 7,7 |
| 10 | Мемлекеттік басқару | 2670 | 4,4 | 2800 | 3,6 | 3000 | 2,9 |
| 11 | Білім беру | 6450 | 10,5 | 8735 | 11,2 | 11525 | 11,1 |
| 12 | Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету | 3780 | 6,2 | 5000 | 6,4 | 6770 | 6,5 |
| 13 | Туризм, демалыс пен көңіл көтеруді, мәдениет пен спортты ұйымдастыру саласындағы қызмет | 300 | 0,5 | 1300 | 1,7 | 2000 | 1,9 |
| 14 | Басқа да коммунальдық, тұрмыстық, әлеуметтік және дербес қызмет көрсету жалдамалы қызметкерлер санының жиыны | 61105 | 100 | 77660 | 100 | 104235 | 100 |
| 15 | Еңбек етуге резерв орындар (жиынына 3-6,5 %) жиыны | 61105 | | 2340 80000 | | 6765 111000 | |
| 16 | Халықтың өз беті мен жұмыспен қамтылғаны | 10495 | | 11000 | | 13000 | |
| | Барлығы: | 71600 | | 91000 | | 124000 | |

## 4. Халық

2030 жылға дейінгі халық санының есептелімі екі әдіспен: демографиялық және еңбек рыногының болжамына сәйкес жүргізілді.

Демографиялық әдіс бойынша, соңғы бірқатар жылдар ішінде халықтың қалыптасқан табиғи өсуінің орташа қарқыны (1,8%) тұрғысынан, жасына қарай жылжыту есебін қолданғанда халықтың келешектегі саны:

- бірінші кезекте - 190,0 мың адам;

- есептелген мерзімге - 215,0 мың адам құрайды.

Еңбек рыногы бойынша халықтың келешектегі саны, әлеуметтік-экономикалық қызметтің барлық саласындағы халықтың экономикалық белсенді тобын оңтайлы пайдалану тұрғысынан анықталады. Ол - 01.01.03 ж. (170,2 мың адам) салыстырғанда:

- бірінші кезекте - 200,0 мың адам;

- есептелген мерзімде - 260,0 мың адам құрайды.

Еңбек ету орындарда келешектегі қажеттілік 2008 жылға - 91,0, 2030 жылға - 124,0 мың жұмыс орнын құрайды. Халықтың есептелінген санына сәйкес әлеуметтік-экономикалық қызмет саласында 2008 жылға - 86,45, 2030 жылға 102,55 мың адам жұмыспен қамтылуы мүмкін.

Еңбекшілер тапшылығын, оны Маңғыстау облысы мен Республика өңірлерінде жұмыс күші мол аудандарынан тарту арқылы орнын толтыру көзделуде.

## 5. Тұрғын үй қоры

Халықтың өмір сүруінің нақты деңгейі қаланың әлеуметтік инфрақұрылымы жай күйіне және ең алдымен, тұрғын үй жағдайына байланысты болмақ.

Бас жоспар айқындаған жобалық кезең, нарықтық тұрғын үй жүйесін қалыптастыру кезеңіне сәйкес келеді.

Жаңа тұрғын үй саясатын іске асыру нәтижесі ретінде, оңаша үлгідегі шағын қабатты құрылыс салу басымдық алады. Үлгі жобаға негізделген, бірдейлендірілген жаппай мемлекеттік құрылыс салу күрт азаяды.

Оңаша үлгідегі шағын қабатты тұрғын үйлерді басым дамыту, тұрғын жай ортасын аумақтық ұйымдастырылуын түбегейлі өзгертуді, тұрғын үй құрылысын салу үшін жаңа жер бөлуді талап етеді.

Келешекте қаланың тұрғын жай ортасын қалыптастыру, халықтың табыс деңгейі бойынша тұрғын үйдің құрамы мен сапасын саралауға және тиісінше оның қажеттілік сұранысына негізделген.

Бас жоспарда жаңа тұрғын үй қорын қабаттылығы бойынша мынадай құрылыстық аймаққа бөлу қабылданды: бұл - 1-2 қабатты оңаша үй - 40%, оңаша құрылысы салынатын үй жанындағы жер учаскесінің көлемі - 1000 $м^2$, бес-он қабатты көппәтерді үйлердің тұрғын үй қорына, жаңадан қатарға қосылатын тұрғын үйлер жалпы алаңының 30% келеді, оқшауланған үйлер мен құрылысын салуда тығыздығы жоғары үйлердегі тұрғын үй қоры да 30% құрайды.

Тұрғын үй құрылысын салу қажеттілігі, бүкіл жобалық кезеңге бір адамға 25 ш.м. орташа қамтамасыз ету нормасы тұрғысынан анықталған. Бұл ретте тұрғын

үймен есептемелік қамтамасыз етілуі, халықтың табысы бойынша қиындық көріп отырған әртүрлі топтар арасында сараланған.

Бірінші кезектегі кезеңде бір адамға тұрғын үйдің көзделген әлеуметтік-кепілдендірілген төменгі көлемі 18 ш.м., есептелген мерзімнің аяғына қарай ол шамамен 20 ш.м. көлеміне жетуі мүмкін. Таңдаулы оңаша үй құрылысын салу үшін қамтамасыз етілу нормасы бір адамға 40 ш.м. және одан да артық ш.м. құрауы мүмкін. Түнемелік үйлерде осынау норма бір адамға 9 ш.м. дейін төмендетілуі мүмкін.

Онда әлеуметтік-кепілдендірілген ең төменгі жалпы алаңмен қамтамасыз етілетін тұрғын үй қоры муниципалдық қызметке тиесілі болуға тиіс.

Мемлекет қаражаты есебінен арнайы қызметші адамдарымен қоса карттар мен мүгедектер үйлері құрылысын салу көзделуде.

Муниципалдық тұрғын үй қорын пайдалану, коммуналдық шаруашылық кәсіпорындарын дамытуды, жөндеу-қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыру үшін жөндеу-пайдалану қызметтерін ұйымдастыруды талап етеді.

Халықтың едәуір бөлігі, өз қаражатын, банктер несиелерін, кәсіпорындардың несие қаражатын және т.с. пайдаланып, өзінің тұрғын үй проблемасын шешуге тиіс болады.

2002-2030 жылдар кезеңі аралығында көзделген жаңа тұрғын үй құрылысының көлемі 3648,7 мың ш.м. құрайтын болады. Бұл - 2070 га шамасында жаңа аумақтар бөлуді талап етеді. Тозған және апатты тұрғын үй қоры бар аумақтарда, оны сүріп тастағаннан кейін, тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілер құрылысын салуға пайдалану көзделген.

Көпқабатты көп пәтерлі тұрғын үйлер құрылысын салу үшін шамамен 189 га бос жатқан және 1 га шаққанда тұрғын жай ауданының жалпы тығыздығы 5800 м $^2$ жағдайдағы қайта құрылымдалатын аумақты қажет етеді, бұл - 1 га аумаққа 236 адамды қоныстандыруға сәйкес келеді.

Оңашаланған көп пәтерлі тұрғын үйлер мен құрылысы салынған тығыздығы жоғары үйлердің құрылысын салу кезінде 1 га шаққанда тұрғын жай ауданының жалпы тығыздығы 2610 м $^2$ жағдайда 419,2 га бос жатқан аумақты қажет етеді, бұл - 1 га аумаққа 105 адамды қоныстандыруға сәйкес келеді.

800-1000 м $^2$ оңаша учаскесі бар 1-2 қабатты коттеджлер құрылысын салу үшін 1460 га жуық жер бөлінуі қажет. Мұнда тұрғын жай ауданының орташа жалпы тығыздығына, 1 га аумаққа 40 адамды қоныстандыру жағдайындағы 1000м $^2$ көлемі қабылданды (ҚРҚНжЕ 3.01-01-2002; ҚНжЕ Б.2.2-1-96).

## 6. Мәдени-тұрмыстық қызмет көрсете қамтуды ұйымдастыру

Қазіргі кезде қаланың әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту жаңа әлеуметтік-экономикалық және қала құрылысы жағдайларын есепке ала отырып жүзеге асырылады және адам денсаулығын қолдауға (дене бітімдік, рухани, зияткерлік) оның алуан түрлі сұраныстарын қанағаттандыруға бағдарланған.

Келешекте халықтың әлеуметтік қызмет көрсетулер кешенімен қамтамасыз етілуі деңгейі "Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық қоныстарды жоспарлау және құрылысын салу" ҚР ҚНжЕ 3.01-01-2002 "Жеке тұрғын үй құрылысын салу аудандарын жоспарлау және құрылысын салу" ҚР ҚНжЕ Б.2.2.-1-96 сәйкес анықталған. Есептеу үшін қабылданған нормалар қала ортасының ең төменгі сапа стандартын көрсетеді.

Келешекте жобада қызмет көрсете қамту саласының жаңа объектілерін қатарға қосу, сондай-ақ бірқатар әрекет үстіндегі мекемелерді қайта құрылымдау және кеңейту көзделген.

## 7. Шаруашылық қызметінің қоршаған ортаға тигізетін әсерін бағалау

Каспий өңіріндегі қолайсыз экологиялық жағдай, бірегей табиғи факторлар мен қарқынды шаруашылық қызметінің өзара іс-әрекеті нәтижесінде қалыптасқан.

Ақтау қаласы күрт континенталды климаты бар, қуаңшылық аймаққа орналасқан және адамдардың өмір сүруі үшін қолайсыздығымен, тұщы су ресурстарының шектеулігімен, жерді ауыл шаруашылығы үшін пайдалануға құнсыздығымен сипатталады.

Ақтау қаласында қуатты энергетика және химиялық-металлургия кешендердің құрылуы, өнеркәсіп орталығы ретінде қаланың одан арғы даму келешегін айқындайды. Бар болғаны 40 жыл ішінде, оның ірі индустриялық орталыққа айналуы және жедел дамытылуы, аумағында проблемалық экологиялық жағдайлармен аймақтардың пайда болуына әкеледі.

Қазіргі кезде экологиялық жағынан аса қауіпті аймақ Қошқар-Ата қалдықтар қоймасы болып табылады. Каспий теңізінің ластануына қатысты дағдарысты жағдай қалыптасқан, медициналық санитарлық және радиациялық жағдайы да қолайсыз.

Атмосфера . Экономикалық дағдарыс салдарынан соңғы онжылдықта ауа бассейні ластануының төмендегені байқалады. Ел қоныстанған аймақтағы атмосфераның ластануы, шаң-тозаң мен көміртегі тотығын қоспағанда, шоғырланудың шектеулі рауалынан аспайды (2.5-1.4 ШШР). Өнеркәсіптік аймақта кәсіпорындардың толық қуатымен жұмыс істеуі кезінде күкіртті сутегімен, стиролмен, қорғасынмен, азоттық қос тотығымен, пісіру аэрозолімен

ластанатыны байқалды.

Шу. Қазіргі кезде жүк қозғалысының қарқынды жүретін жерлерінде және жоғары қарқынды қозғалыстағы қалалық магистральдарда шудың әсерінен қолайсыз аймақтар қалыптасқан және шектеулі рауалдан 1-4 дБА артып кетуде.

Электромагниттік сәулелену.

Қала аумағында тұтас алғанда электромагниттік жағдай қанағаттанарлық жағдайда тұр. Электромагниттік сәулелену жергілікті сипат алады және өндірістік объектілер аумағына немесе санитарлық-қорғау аймақтарына орналасады.

Жерүсті суы.

Соңғы жылдары Каспий теңізі суының жай күйінде нашарлай түсу беталысы өтуде, оның себебі, теңіз қайраңы мен оның жағалауында белсенді түрде мұнай өндірілуі, сондай-ақ оған сарқынды судың ағызылуы болып табылады. Қазіргі кезде Ақтау қаласы маңайында судың ластануын бақылайтын тұрақты пункттер жоқ.

Жерасты сулары.

"Құйылыс" кенорнының болмашы минералданған (4-6 г/л) жерасты суы жасанды шаруашылық ауыз су дайындау үшін дистиллятпен араластыру жолымен пайдаланылады. Жерасты суының қоры азаюда. Жерасты суы өнетін горизонттың өнімділігі мен оның химиялық құрамының өзгерістерін бақылау үшін кенорнының айналасынан бақылау ұңғымаларының (43 дана) желісі бұрғыланған.

Топырағы.

Топырағы "Қошқар-Ата" қалдықтары қоймасының, қалалық қоқыс төгінділері, сарқынды су жинағыштар маңайында, өнеркәсіп аймағы аумағында белсенді ластануға ұшыраған. Қазіргі кезде ең қауіпті аумақ "Қошқар-Ата" қалдықтары қоймасы (экологиялық қауіпті аймақ) болып табылады.

Өсімдігі, жануарлар дүниесі.

Каспий өңірінің флорасы мен фаунасы эндемизмнің жоғары дәрежесімен ерекшеленеді. Осында мекендейтін организмдердің 60 түрі мен нысаны әлемнің басқа ешбір жерінен кездеспейді. Табиғат ортасы сапасының бақыланған қолайсыз өзгерістері Каспийдің әрекеттегі экологиялық жүйесін бұзуға әкеліп соғуы мүмкін.

Жобада Ақтау қаласының қоршаған ортасын сауықтыру жөнінде: жоспарлы, техникалық және технологиялық, ұйымдастыру, сондай-ақ ғылыми-зерттеу және жобалау жұмыстарының кешенді шаралары көзделген.

Бас жоспарда белгіленген шаруашылық қызметінің әсерін бағалау, оны іске асырудың қоршаған ортаға теріс ықпал етпейтіндігін көрсетіп отыр. Шағын климат, тұрғын үйдің қолайлығы, халық денсаулығы, аумақтың санитарлық

жай-күйі жақсарады, табиғат ортасын ластау деңгейі төмендейді. Каспий экожүйесінің және "Қошқар-Ата" қалдықтар қоймасының жай-күйі проблемалық мәселелер болып қалады.

Ақтау қаласының қоршаған ортасын сауықтыру мақсатында жобада бірінші кезекте мынадай құрылыс салу көзделген:

- экологиялық мониторинг жүйесін ұйымдастыру (Каспий суының (2) атмосфералық ауаның (3), топырақ пен басқа да ортаның ластануын тұрақты бақылау пункттерін құру);
- теңіз (жағалық) метеостансасын құру;
- "Қошқар-Ата" қалдықтары қоймасының оңтүстік бөлігін (жайылма жағалауын) қайта қалпына келтіру;
- ең соңғы технологиялар мен жабдықтарды енгізе отырып, әрекет үстіндегі кәсіпорындарды жетілдіру;
- ТБО жетілдірілген полигонының құрылысын салу;
- қала аумағының 123 га алаңын көгалдандыру;
- өнеркәсіп кәсіпорындарының санитарлық-қорғау аймақтарын ұйымдастыру;
- Каспий теңізінің суда қорғау аймағын (0,5 км) ұйымдастыру;
- экологиялық кадастр әзірлеу.

## 8. Сумен жабдықтау

Қазіргі кезде Ақтау қаласында сумен жабдықтаудың бөлек үш: ауыз су, біріктірілген техникалық және өртке қарсы және ыстық сумен жабдықтау жүйесі жұмыс істейді.

Ауыз сумен жабдықтау көзі-үш алаңға орналасқан және теңіз суын қыздырып тұщыту қағидатында жұмыс істейтін "МАЭК-Казатомпром" ЖШС болып табылады.

МАЭК өнімдігі: дистиллят өндіру - 63 мың м $^3$ /тәу. дейін.

Техникалық сумен жабдықтау көзі, қаладан 43 шақырым солтүстік-шығысында орналасқан Құйылыс-Меловое кенорнының жерасты суы болып табылады. Кенорынның қуаттылығы 36,038 мың м $^3$ /тәул. құрайды. Су өз құрамы бойынша минералданған (тұз құрамы 3,3 г/л).

Ыстық сумен жабдықтау көзі ТЭЦ-1 және ТЭЦ-2 болып табылады.

Ауыз су мен техникалық сападағы суды дайындау, тиісті сайма-сай мөлшерде дистиллят пен минералданған суды араластыру жолымен ЦУВС-1, ЦУВС-2, ЦУВС-3 үш алаңына жүргізіледі.

Ақтау қаласында нақтылы су тұтыну 33,55 мың м $^3$ /тәул. құрайды.

2020 жылға дейін есептелінген мерзімге Ақтау қаласында су тұтыну 108,52

мың м $^3$ /тәул. құрайды.

Сумен жабдықтау үшін әрекет үстіндегі сумен жабдықтау көздерін, сондай-ақ "Маңғыстаумұнайгаз" ААҚ қаражаты есебінен салынып жатқан, мембранды технологияны пайдаланатын, қуаты - 40,0 мың м $^3$ /тәул. су тұшыту зауыты қосымша көзін пайдалану белгіленуде.

Шағын поселкелерді сумен жабдықтау ауыз су тазарту жөніндегі модулдік қондырғылар көмегімен жүзеге асырылатын болады. Өнімділігі 10 000 л/сағ. Модулдік қондырғыны Баянды поселкесінде салу белгіленуде.

## 9. Кәріз

Ақтау қаласында орталықтандырылған су бөлу жүйесі жұмыс істейді. Тұрғын үй ғимараттары мен қоғамдық құрылыс үйлерінен, сондай-ақ өнеркәсіп кәсіпорындарынан аққан сарқынды сулар КОС-1 механикалық және биологиялық тазарту имаратына және КОС-2 салынып бітпеген имаратына келіп құйылады. Одан әрі КОС-1 имаратында тазартылғаннан, және КОС-2 имаратында тазартылмаған күйінде сарқынды сулар Қошқар-Ата қалдықтар көліне ағызылады. Әрекет үстіндегі су бөлу Ақтау қаласы бойынша 21,14 мың м $^3$ /тәул. құрайды. Есептелген мерзімге су бөлу көлемі Ақтау қаласы бойынша 84,14 мың м $^3$ /тәул. көлемінде белгіленуде.

Келешекте Ақтау қаласының орталықтандырылған канализациялау схемасы сақталады. Бұл ретте Ақтау қаласының толық қажеттілігіне сарқынды суларды механикалық және биологиялық тазартатын КОС-2 имараты құрылысын өнімділігі 85,0 мың м $^3$ /тәул. болатындай етіп жаңарту көзделуде. КОС-1 биологиялық тазарту имараты осы мезгілде өз ресурсын сарқып бітеді және тоқтатылатын болады. Дегенмен, канализация схемасы сақталып қалады және қаланың оңтүстік пен орталық бөлігінің сарқынды сулары КОС-1-ге келіп құйылып, одан әрі КНС көмегімен, оны одан кейін тазарту және қайта пайдалану үшін КОС-2 имаратына айдайды.

## 10. Жылумен жабдықтау

Қаланың жылуымен жабдықтау жүйесі екі бағыт бойынша дамуда:

- "МАЭК-Казатомпром" ЖШС жылу электр станцияларынан жылу беру ( электрлі және жылу энергиясы) базасында орталықтандырылған;
- Жеке дара жылумен жабдықтау көздерінен алынатын орталықсыздандырылған (АСО) 2000 жылға жинақталған жылу жүктелімі, бас жоспар есептемесімен 158 Гкал/сағ. көлемінде анықталған. Бүкіл жобалау кезеңіне қала тұтынушыларын жылумен жабдықтаудың негізгі көздері, олардың

техникалық қайта жарақтануын, жетілдірілуін, ескірген жабдықтарын ауыстыруды, станциялардың технологиялық жай-күйін әлемдік стандарт деңгейіне дейін жеткізілуін есепке алғанда, МАЭК, ТЭЦ-1 мен ТЭЦ-2 (75 % астам) болып қала береді.

Оңаша салынған тұрғын жай аудандарында, желілік табиғи газбен жұмыс істейтін, зауытта даярланған қазіргі заманғы жоғары сапалы дербес жылу жүйесін енгізу, олардың пайдалану деңгейін 15 % дейін жеткізуге мүмкіндік береді.

Жылу жеткізуші ретінде температуралық кесте бойынша 150-170 $^{O}$ С қайнатылған су пайдаланылады.

Жылу желілерінің схемасы жылу желдету және ыстық сумен жабдықтау қажетіне бірлесе жылу энергиясын беретін қос құбырлы (беретін және кері қайтарылатын) болады.

Жылудың сапалы босатылуын реттеу, сыртқы ауа температурасына қарай су беретін құбырдағы судың температурасын орталықтандыра өзгертумен жүзеге асырылады.

Ыстық сумен жабдықтау жүйесі - жылу желілерінен тікелей су жинайтын ашық болады.

Жылу магистралдарының төселуі, бос аумақтарда аласа құрастырмалы темірбетон тіректеріне жерүстілік тәсілмен, ел қоныстанған аумақтар шегінде - жалпы траншеяларда, негізінен, жаяу жүретін жол астында, басқа да жерасты коммуникациялармен астастыра, жерастылық тәсілмен орындалған.

Температуралық өзгерістердің орнын толтыру, негізінен, П-үлгісіндегі компенсатормен, сондай-ақ трасса бұрылысының бұрыштарындағы өзін-өзі орнын толтырғыштар есебінен жүзеге асырылады.

Қаланың солтүстік-батыс бөлігіндегі бос аумақтарда (Орталық, Басқұдық, Шығыс тұрғын жай алабтары) жаңа тұрғын жай қорын орналастыру, жылу беру аймағын кеңейтеді, бұл - қажетіне қарай жаңа жылу желілері, резервтік құбырлар , сабақтас аудандардың жылу желілері мен арнайы қондырғылар (сорғы станциялары, бөліп ажырату тораптары және т.с.) арасында түйістіру қондырғысы имараттарын, сондай-ақ желілер мен конструкцияларды мұқият тексергеннен кейін, әрекет үстіндегі жылу магистралдарын күшейтуді және қайта құрылымдауды, құбырларға міндетті түрде гидравликалық есептемелер жүргізуді талап етеді.

## 11. Газбен жабдықтау

Қаралып отырған өңір аумағында "Теңіз", "Өзен" бірегей мұнайгаз кенорындары, "Жетібай" мұнайгаз конденсатты, Каражанбас, солтүстік - Бозашы

, Қаламқас және басқа да мұнай газ конденсатты кенорындары жатыр, оларды тиісті инвестициялар жағдайында әзірлеп, игеру, Ақтау қаласының және бүкіл өңірдің табиғи тауарлы газына деген қажеттілігінің толықтай орнын жабуға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, мұнай мен газды тазарту және өңдеу жөніндегі кешен құрылысын салумен бірге, аса бай Қашаған мұнайгаз кенорнын өнеркәсіптік игеру, даярланған газды "Орта Азия - Орталық" магистралді газ құбыры жүйесіне беруге кепілдік береді. Өңір тұтынушылары қажетті газ көлемін, көмірсутегі шикізатын айдағаны үшін өзара есеп айырысу тәртібімен өзіндік газын түрікмен газына ауыстыру есебінен ала алатын болады.

Осылайша, жылуды ұдайы өндіретін барлық үлгідегі қондырғылар үшін жылудың негізгі түрі ретінде табиғи газды пайдалана отырып, Ақтау қаласының және тұтастай бүкіл өңірдің газдандыру жүйесін одан әрі дамыту көзделеді.

Қазіргі кезде қаланы газбен жабдықтау, негізінен, "Өзенмұнайгаз" ААҚ-ның Қазақ газ өңдеу зауытының (ҚАЗГӨЗ) газымен жүргізілуде. Оған қосымша, жылу маусымында, "Тенгизшевройл" ЖШС кенорындарынан газ жеткізілімі арқылы және ішінара, импорттық шикізатты айдағаны үшін өзара есеп айырысу тәртібімен, "Орта Азия-Орталық" магистралды газ құбыры желісінде теңіз газын түрікмен газына ауыстыру есебінен жүргізіледі.

Қалаға газ жеткізіп беруді "Маңғыстау газ тарату жүйесі" ЖШС екі ұштастырылған газ тарату станциясы (ГТС-1 және ГТС-2) арқылы Ду=700мм, Ду =500мм және Ду=325мм магистралды газ құбырларының үш тіні бойынша жүзеге асырылады. ГТС ел қоныстанған аумақтан 8,2 ш. қашықта, өнеркәсіптік аймақтың шығыс бөлігіне орналасқан.

"Ақтаугаз" ЖАҚ есептік мәліметтері бойынша 2002 жылда газ өткізу барлығы - 1186,1 млн. м $^3$ , оның ішінде халыққа (Маңғыстау поселкесін қоса алғанда)- 18,2 млн. м $^3$ , өнеркәсіп кәсіпорындарына - 1167,9 млн. м $^3$ құрады.

Газдың негізгі тұтынушысы, жылу электр станциялары үшін отынның негізгі түрі ретінде газды 1124,7 млн. м $^3$ көлемінде пайдаланатын мұның өзі газ тұтынудың жалпы көлемінің 95 % жуығын құрайтын, "МАЭК-Казатомпром" ЖШС болып табылады.

Қала бойынша газ тарату жүйесі төрт сатылы.

Жоғары қысымдағы газ құбырлары табиғи газды жылу электр станциялары мен өнеркәсіп кәсіпорындарына жеткізіп берілуін қамтамасыз етеді.

Қалалық жоғары және орта қысымдағы сақиланған газ құбырлары бойынша газ беру коммуналдық-тұрмыстық тұтынушыларды қосу үшін қысымын ең төменгісіне дейін азайтатын және оны газ шығынының өзгерісіне қарамастан, қажетті тұрақты пайдалану деңгейінде қалыпты ұстайтын, газ реттеу пункттеріне беру арқылы жүргізіледі.

Келешекте қалалық газ құбырлары жүйесіне жаңа тұрғын жай алабтарын қосу , сондай-ақ әрекет үстіндегі жүйелер мен имараттарды жоспарлы қайта құрылымдау және техникалық қайта жарақтандыру белгіленуде. Есептелінген мерзімге газға деген жалпы қажеттілік 1482,0 млн. $м^{3}$ /жыл құрайды.

Сұйытылған газды өнеркәсіптің қажетіне (металды кесу, пісіру және басқа да технологиялық қажеттілік) жобалық кезең бойынша мынадай көлемде пайдалану көзделген:

2008 жылға - 100 т.;

2020 жылға - 300 т.

## 12. Телефондандыру

Оның жинақталған сыйымдылығы 51240 нөмір құрайтын, қалалық телефон желісі: "Қазақтелеком" ААҚ-на, "Каскор-Телеком" ААҚ-на, "Мұнайтелекомға" және "УЭС" ЖШС-не тиесілі.

**"Қазақтелеком" ААҚ-на мыналар тиесілі:**

сыйымдылығы 8000 және 12000 нөмірге арналған, тиісінше S-12 үлгідегі, үйлестіру және сандық АТС-33143;

3840 нөмірге арналған, SSA үлгісіндегі, АТС-44;

1952 нөмірге арналған RSU үлгісіндегі, ПС-422 кіші стансасы;

1952 нөмірге арналған RSU үлгісіндегі, ПС-422 кіші стансасы;

Жиыны: 27744 нөмір.

**"Каскор-Телеком" ААҚ-на мыналар тиесілі:**

10000 нөмірге арналған, сандық АТС-51;

3000 нөмірге арналған сандық АТС-52;

5000 нөмірге арналған сандық АТС-53;

500 нөмірге арналған, сандық ПС-579 кіші стансасы;

Жиыны: 18500 нөмір.

Құрастырылған барлыққа жуық сыйымдылықтар іске қосылған.

**"Мұнайтелеком" ААҚ-на мыналар тиесілі:**

сыйымдылығы 3000 нөмірге арналған, сандық, S-12 үлгісіндегі АТС-21. Іске қосылған сыйымдылық 1200 нөмір құрайды яғни 40%.

**"УЭС" ЖШС (өнеркәсіп аймағы) мыналар тиесілі:**

2000 нөмірге арналған, АТСК -100/2000 ұқсас үлгідегі АТС. Іске қосылған сыйымдылық 300 нөмір құрайды, яғни - 15%. Телефон тығыздығы (100 тұрғынға

шаққанда телефон саны) 33,4 құрайды, бұл - Қазақстан Республикасы үшін жақсы көрсеткіш болып табылады.

**Телевидение.** Ақтау қаласындағы әрекет үстіндегі телеорталық " Қазақстан-Ақтау" екі жергілікті бағдарламаны (6-шы және 8-ші арналар) жүзеге асырылады, бұдан басқа "Хабар" Республикалық теледидарламасының, ОРТ бағдарламалары таратылады, кабелдік және спутниктік теледидарламасы ойдағыдай даму үстінде.

**Радиоландыру** . Ақтау қаласындағы радиохабарларын тарату желісінің жүйелері, бұрынғы КСРО-ның барлық қалалары тәрізді, әртүрлі диаметрдегі болат, мыс және биметал өткізгіштеріне құрылған және электр желілері мен радиоландырудың ағаштан қойылған тіректерге жүргізілген.

Қазіргі кезде қызмет көрсетулердің осы түріне сұраныс жоқ, сол себепті өткізгішпен радиохабарларын таратуды дамыту жөніндегі мәселе қаралмауда.

**Жобалық ұсыныстар.**

Бас жоспар бойынша Ақтау қаласын солтүстік бағытқа қарай одан әрі дамыту көзделген. 2008 жылға дейін орталық және шығыс тұрғын жай алабтарының құрылысын салу белгіленген. Осыған байланысты 25700 нөмірге арналған автоматты телефон стансасын салу және қолда бар резервті пайдалану белгіленген. Бұл ретте телефон желісіндегі жалпы нөмірлік сыйымдылық, 100 адамға шаққанда телефон тығыздығы 38 нөмір жағдайында, 76 000 нөмір құрауға тиіс. АТС-ті орталық тұрғын жай алабында орналастыру белгіленген. Ұсынылатын телекоммуникациялық қызмет көрсетулердің сапасы мен санына деген өсіп отырған сұранысын қанағаттандыру үшін қалған осы тектес АТС-ді сандыққа ауыстыру, SДН немесе АТМ стандартының жабдықтарын қолдана отырып, станцияаралық желілерде оптикалық-талшықты байланыс желілерін салу ұсынылады.

Абоненттік желіні, сандық абоненттік кіру (А/Д) және шығарылатын қоспалар базасында ұйымдастыру көзделген, 16 ПС (А/Д) орналастыру схемасы кескіндемелік материалда көрсетілген. Телекоммуникациялық желілерді сандық жүйеге ауыстыру және оптикалық-талшықты технологияға көшіру байланыс қызмет көрсетулерінің алуан түрін ұсынуға мүмкіндік береді, оны шартты түрде негізгі және қосымша деп бөлуге болады.

Негізгі қызмет көрсетулер:

- шектеусіз сөздік, сандық ақпарат кіретін ақпарат беру, пакеттік режим;
- телефакс, телемәтін, теледыбыс, бейнемәтін, бейнетеледыбыс кіретін, телесервис қызмет көрсетулер.

Халық санының одан әрі өсуіне, халықтың өмір сүру деңгейінің жақсаруына байланысты, тұрғын үй қорын болжамдалған бөлінісі негізінде, 2020 жылға дейін Ақтау қаласындағы телефон тығыздығы деңгейін, 100 тұрғынға шаққанда 45 телефонға дейін жеткізу, мына желілік имараттарға қайта құрылымдау жүргізу ұ с ы н ы л а д ы :

- оптикалық-талшықты кабельдерді қолдана отырып ішінара абоненттік желі с а л у ;
- телефон канализациясы және т.б. құрылысын салуды қосымша көздестіру.

## 13. Санитарлық тазарту

Ақтау қаласында жоспарлы ұдайы тазарту, қала аумағының шамамен 90% қамтиды. Жеке құрылыс салу аудандарында аумақты тазарту өтінім схемасы бойынша жүзеге асырылады. Қазіргі кезде қатты тұрмыстық қалдықтар, Ақтау қаласынан 5 шақырым, және теңізден 7-8 шақырым жерлерде орналасқан ТБО ( қалалық қоқыстар үйіндісі) полигонына тасымалданып шығарылады. Қоқыстар үйіндісінің алаңы 15,65 га жерді алып жатыр. Полигонды пайдалану санитарлық ережелерге сәйкес келмейді. Жыл сайын 48 000 тонна шамасында төгінді ТБО-ға көмуге келіп түседі. Жобада, жетілдірілген қоқыстар үйіндісіне қала аумағынан келіп түскен қалдықтарды қатарлап жинау және залалсыздандыру көзделген, ол үшін ТБО полигонын толықтай қайта құрылымдау көзделген. Кәсіпорындардың өнеркәсіптік қалдықтарды Ақтау қаласынан тысқары жердегі өнеркәсіптік қоқыстар үйіндісіне тасымалданып шығарылады, сондай-ақ Қошқар-Ата қалдық қоймасына төгіледі. ХГМЗ, "Ақтал ЛТД" ЖШС, "АКМО" АҚ, "ПУС" УПП ЖШС және басқаларының негізгі кәсіпорындарының тоқтауына байланысты, 1988 жылдан кейін өнеркәсіптік қоқыстар үйіндісі мен улы қалдықтар қоймасы ә р е к е т с і з к ү й д е .

Қазіргі кезде Қошқар-Ата көліне (улы қалдықтар қоймасына) КОС-1 имаратынан тазартылған сарқынды мен КОС-2 имаратынан 21,14 мың м $^3$ /тәул. көлемінде тазартылмаған сарқынды ағызылады.

## 14. Негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштер

Кесте 14.1.

| N п/п | Көрсеткіштер | Өлшем бірлігі | Бас-тапқы жыл | Бірінші кезек | Есеп айы-ратын мерзім |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | Аумақ | | | | |
| 1.1 | Қоныстық аумақ | га | 1782 | 3116 | 4727 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1.1.1 | Шағынаудан, квартал | га | 686 | 1770 | 2738 |
| | соның ішінде: | | | | |
| | - үй-жайлық құрылыс | га | 171 | 873 | 1631 |
| | - екі қабатты құрылыс | га | 24 | 17 | 8 |
| | - үш-төрт қабатты құрылыс | га | 63 | 63 | 63 |
| | - бес-алты қабатты құрылыс | га | 331 | 417 | 475 |
| | - жеті-он қабатты құрылыс және жоғары | га | 93 | 134 | 138 |
| | - одақтасу құрылысы | га | 4 | 182 | 282 |
| | - жоғарытығыздықты құрылыс | га | | 84 | 141 |
| | | | | | |
| 1.1.2 | Мекеме аумағының мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету (шағынаудандық мағынасы бар мекемеден өзге), спорт ғимараттары | га | 199 | 214 | 339 |
| 1.1.3 | Жалпы білім беру аумағы (шағынаудандық мағынасы бар мекемеден өзге) | га | 39 | 53 | 74 |
| 1.1.4 | Денсаулық сақтау мекеме аумағы мен әлеуметтік қамтамасыз ету | га | 57 | 70 | 90 |
| 1.1.5 | Жасыл желек | га | 181 | 251 | 476 |
| | соның ішінде: | | | | |
| | - жалпы пайдаланыстағы (саябақтар, шағынгүлбақ, желекжолдар) | га | 50 | 71 | 107 |
| | - арнайы тағайындау (питомник, ботаникалық бақ) | га | 75 | 75 | 75 |
| | - автомагистрал жанын көгалдандыру, санитарлық-қорғау көгаласы | га | 56 | 105 | 294 |
| 1.1.6 | Көше, жол, өтпежол, алаң, автотұрақтар | га | 353 | 489 | 740 |
| 1.1.7 | өзге аумақтар | га | 267 | 269 | 270 |
| | соның ішінде: | | | | |
| 14.1 кестенің 1 жалғасы | | | | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | - өнеркәсіп кәсіпорны | га | 17 | 19 | 20 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | басқа аумақтар (сор, қолайсыз және пайдаланылмаған), қалпына келтіру міндеті | га | 250 | 250 | 250 |
| 1.2 | Қалған аумақтар | га | 9366 | 9476 | 9666 |
| 1.2.1 | өнеркәсіптік, коммуналдық-қойма, көлік және арнаулы аумақтар және соларды дамытуға резерв | га | 8730 | 8840 | 9030 |
| 1.2.2 | Саяжай, бақша | га | 636 | 636 | 636 |
| 1.3 | Өзге аумақтар | га | 279 | 279 | 329 |
| 1.3.1 | Арнайы тынысжайлық аймақ (WIP) қорғау аймағымен | га | 270 | 270 | 270 |
| 1.3.2 | Жағалаудағы тынысжайлық аймағының ортақ пайдалануы | га | 9 | 9 | 59 |
| | Құрылыс аумағының жиынтығы | | 11427 | 12871 | 14722 |
| 1.4 | Құрылыс аумағының жиынтығы (кесілген аумағы тұжырымдамалық дамуының шектерінде) | га | 5320 | 3876 | 2025 |
| | Қаланың жобаланған шекарасы, барлығы | га | 16747 | 16747 | 16747 |
| 2. | Халық | | | | |
| 2.1 | Халық саны | мың адам | 170,2 | 200,0 | 260,0 |
| | соның ішінде: | | | | |
| | Қаланың өзінің | мың адам | 153,3 | 200,0 | 260,0 |
| | Басқа елді мекендер | мың адам | 16,9 | | |
| 2.2 | Халық тығыздығы | | | | |
| | - қонысты аумақ шектерінде | адам/га | 96 | 64 | 55 |
| | - қала құрылысы аумағының шектерінде | адам/га | 15 | 16 | 18 |
| 2.3 | Халықтың жастық құрылымы | | | | |
| 2.3.1 | 15-ке дейінгі балалар | мың. адам / % | 44,6 / 26,2 | 49,6 / 24,8 | 65,0 / 25,0 |
| 2.3.2 | Еңбекке қабілетті жастағы халық (15-62 жастағы ерлер, 15-57 жастағы әйелдер) | мың. адам / % | 113,7 / 66,8 | 136,6 / 68,3 | 182,0 / 70,0 |
| 2.3.3 | Еңбекке қабілетті жастан егде халық | мың. адам / % | 11,9 / 7,0 | 13,8 / 6,9 | 13,0 / 5,0 |

14.1 кестенің 2 жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
|---|---|---|---|---|---|
| 2.4. | Жұмыспен қамтылған халық саны | мың. адам<br>% | 71,6<br>42,1 | 91,0<br>45,5 | 124,0<br>47,7 |
| | | | | | |
| 3. | Тұрғын үй құрылысы | | | | |
| 3.1. | Тұрғын үй қоры | мың. кв. м | 2893,3 | 5000,0 | 6500,0 |
| | соның ішінде: | | | | |
| | - мемлекеттік қор | мың. кв. м | 73,1 | 817,4 | 1350,2 |
| | - жеке меншіктегі | мың. кв. м | 2820,2 | 4182,6 | 5149,8 |
| | | | | | |
| 3.2 | Жалпы қордан | | | | |
| 3.2.1 | Көппәтерлі үйлерде | мың. кв. м | 2688,8 | 4093,5 | 4836 |
| 3.2.2 | Үй-жай типіндегі үйлерде | мың. кв. м | 204,5 | 906,5 | 1664,0 |
| | | | | | |
| 3.3. | 70%-тен астамы тозған тұрғын үй қоры | мың. кв. м | | 19,6 | 22,4 |
| | | | | | |
| 3.4. | Сақталушы тұрғын үй | мың. кв. м | 2893,3 | 2873,7 | 4977,6 |
| 3.5. | Тұрғын үй қорын қабаттылығы бойынша бөлу | | | | |
| 3.5.1 | Үй-жайлық (коттедж типті) | мың. кв. м | 204,5 | 906,5 | 1664,0 |
| 3.5.2 | Екі қабатты | мың. кв. м | 65,5 | 45,9 | 23,5 |
| 3.5.3 | Үш-төрт қабатты | мың. кв. м | 271,6 | 271,6 | 271,6 |
| 3.5.4 | Бес қабатты | мың. кв. м | 1733,1 | 2207,2 | 2524,2 |
| 3.5.5 | Жеті-тоғыз қабатты | мың. кв. м | 551,3 | 723,3 | 749,9 |
| 3.5.6 | Он қабатты және жоғары | мың. кв. м | 60,1 | 165,1 | 165,1 |
| 3.5.7 | Екі-төрт қабатты одақтасу құрылысы | мың. кв. м | 7,2 | 328,4 | 506,6 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3.5.8 | Екі-төрт қабатты жоғары тығыздықты құрылыс | мың. кв. м | | 352,0 | 595,1 |
| 3.6 | Тұрғын-үй қорының кемуі | мың. кв. м | | 19,6 | 22,4 |
| | соның ішінде: | | | | |
| | - техникалық ахуалы бойынша | мың. кв. м | | 19,6 | 22,4 |
| | - қайта құру бойынша | мың. кв. м | | | |
| | - басқа себептер бойынша | мың. кв. м | | | |
| 3.7. | Халықтың пәтерлердің жалпы ауданымен қамтамасыз етілуі | кв. м/адам | 17,0 | 25,0 | 25,0 |
| 3.8. | Жаңа тұрғын үй құрылысы | мың. кв. м | | 2126,3 | 1522,4 |
| | соның ішінде: | | | | |
| | Мемлекеттік мен кәсіпорын қаражаттар | мың. кв. м | | 744,2 | 532,8 |
| | Халықтың өз қаражаттары | мың. кв. м | | 1382,1 | 989,6 |
| 14.1 кестенің 3 жалғасы | | | | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 3.9. | Жаңа тұрғын үй құрылысының қабаттылық бойынша арақатысы | | | | |
| | соның ішінде: | | | | |
| | Үй-жайлық (коттедж типті) | мың. кв. м / % | | 702,0 / 33,0 | 757,5 / 49,8 |
| | Бес қабатты | мың. кв. м / % | | 474,1 / 22,3 | 317,0 / 20,8 |
| | Жеті-тоғыз қабатты | мың. кв. м / % | | 172,0 / 8,1 | 26,6 / 1,7 |
| | Он қабатты және жоғары | мың. кв. м / % | | 105,0 / 4,9 | |
| | Екі-төрт қабатты одақтасу құрылысы | мың. кв. м / % | | 321,2 / 15,1 | 178,1 / 11,7 |
| | Екі-төрт қабатты жоғары тығыздықты құрылыс | мың. кв. м / % | | 352,0 / 16,6 | 243,2 / 16,0 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| 4. | Мәдени-ойын-сауықтық және әлеуметтік-тұрмыстық мақсаттағы мекемелер | | | | |
| 4.1. | Мектепке дейінгі жастағы балалар мекемелері (барлығы 1000 адамға) | орын | $\frac{5088}{30}$ | $\frac{15010}{75}$ | $\frac{23870}{92}$ |
| | Жаңа құрылыс | орын | | 9922 | 8860 |
| | Шамамен құрылыстың құны, соның ішінде | млн. теңге | | 6550 | 5850 |
| | Мемлекеттік бюджеттің қаражаты | орын | | 2540 | 4100 |
| 4.2. | Жалпы білім беру мекемелері (барлығы 1000 адамға) | орын | $\frac{32023}{188}$ | $\frac{45893}{229}$ | $\frac{50747}{195}$ |
| | Жаңа құрылыс | орын | | 13870 | 4854 |
| | Шамамен құрылыстың құны, соның ішінде | млн. теңге | | 7420 | 2600 |
| | Мемлекеттік бюджеттің қаражаты | млн. теңге | | 6300 | 2100 |
| 4.3. | Емханалар (барлығы 1000 адамға) | Ауысыммен қатынасу | $\frac{2700}{16}$ | $\frac{4735}{24}$ | $\frac{9100}{35}$ |
| | Жаңа құрылыс | Ауысыммен қатынасу | | 2035 | 4365 |
| | Шамамен құрылыстың құны, соның ішінде | млн. теңге | | 814 | 1746 |
| | Мемлекеттік бюджеттің қаражаты | млн. теңге | | 640 | 1050 |
| 4.4. | Ауруханалар (барлығы 1000 адамға) | кереует | $\frac{1600}{9}$ | $\frac{3620}{18}$ | $\frac{6070}{23}$ |
| | Жаңа құрылыс | кереует | | 2020 | 2450 |
| | Шамамен құрылыстың құны, соның ішінде | млн. теңге | | 9730 | 11800 |
| | Мемлекеттік бюджеттің қаражаты | млн. теңге | | 9730 | 10000 |
| 14.1 кестенің 4 жалғасы | | | | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 4.5. | Санда кәсіпорындары (барлығы 1000 адамға) | кв. м сауда алаңы | $\frac{35140}{206}$ | $\frac{56000}{280}$ | $\frac{72800}{280}$ |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4.6. | Тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындары (барлығы 1000 адамға) | Жұмыс орны | 371 / 2 | 1496 / 7 | 2335 / 9 |
| 4.7. | Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары (барлығы 1000 адамға) | орын | 1885 / 11 | 7515 / 37 | 10400 / 40 |
| 4.8. | Мәдени-ойын-сауықтық мекемелер (барлығы 1000 адамға) | орын | 9398 / 55 | 21598 / 108 | 33418 / 128 |
| 4.9. | Өрт деполары (барлығы 1000 адамға) | Авто-көлік-тердің саны | 3 / 0,02 | 2 5 / 0,12 | 3 4 / 0,13 |
| | Жаңа құрылыс | Авто-көлік-тердің саны | | | |
| | Шамамен құрылыстың құны, соның ішінде | млн. теңге | | 6600 | 2700 |
| | Мемлекеттік бюджеттің қаражаты | млн. теңге | | 6600 | 2700 |
| 5. | Көліктік қамтамасыздандыру | | | | |
| 5.1. | Қоғамдық жолаушы көлігі желілерінің ұзындығы | км | 114,6 | 149,0 | 210,0 |
| 5.2. | Магистральдық көшелермен жолдардың ұзындығы | км | 143,2 | 186,2 | 262,1 |
| | Қызыл жол шектеріндегі жаңа құрылыс | км | | 43 | 75,9 |
| | Шамамен құрылыстың құны, соның ішінде | млн. теңге | | 7500 | 13238 |
| | Мемлекеттік бюджеттің қаражаты | млн. теңге | | 7500 | 13238 |
| 5.3. | Көше-жол торабының тығыздығы | км/км2 | 2,28 | 3,14 | 2,67 |
| 6. | Инженерлік жабдықтау | | | | |
| 6.1. | Сумен жабдықтау | | | | |
| 6.1.1 | Жиынтықтағы тұтынысы | мың. куб.м /тәу | 33,55 | 75,46 | 108,52 |
| | соның ішінде: | мың. куб.м /тәу | | | |
| | - шаруашылық-ішу қажеттіліктерге | мың. куб.м /тәу | 28,56 | 46,0 | 73,34 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - өндірістік қажеттіліктерге | мың. куб.м /тәу | 4,99 | 29,46 | 35,18 |
| 14.1 кестенің 5 жалғасы | | | | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 6.1.2 | Су құбырының басты құрылыстарының қуаты | мың. куб.м /тәу | 33,55 | 75,46 | 108,52 |
| 6.1.3 | Пайдалынатын сумен жабдықтау көздері: | мың. куб.м /тәу | | | |
| | - жер асты су жинағышта | мың. куб.м /тәу | 3,55 | 36,04 | 36,04 |
| | - үстіңгі бет көздерінен су жинау | мың. куб.м /тәу | 30,0 | 39,42 | 72,48 |
| | - орталықсыздандырылған көздер | мың. куб.м /тәу | - | - | - |
| 6.1.4 | ГКЗ жер асты суларының бекітілген қорлары | мың. куб.м /тәу | 56,0 | 56,0 | 56,0 |
| 6.1.5 | Тәулігіне орта есеппен 1 адамға су тұтыну | л/тәу | 197 | 377 | 417 |
| | соның ішінде: | | | | |
| | Шаруашылық-ішу қажеттіліктерге | л/тәу | 168 | 230 | 282 |
| 6.2. | Канализация | | | | |
| 6.2.1 | Ағын сулардың жалпы түсімі | мың. куб.м /тәу | 22,14 | 54,10 | 84,14 |
| | соның ішінде: | | | | |
| | - тұрмыстық канализация | мың. куб.м /тәу | 21,14 | 46,0 | 73,34 |
| | - өндірістік канализация | мың. куб.м /тәу | 1,0 | 8,1 | 13,5 |
| 6.2.2 | Канализация тазарту құрылыстарының өнімділігі | мың. куб.м /тәу | 24,0 | 54,0 | 85,0 |
| 6.3. | Электр жабдықтау | | | | |
| 6.3.1 | Электр қуатын жиынтыққа тұтыну | кВт. сағ/ жыл | 863 | 1330 | 2450 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | соның ішінде: | | | | |
| | - коммуналдық-тұрмыс қажеттіліктеріне | кВт. сағ/ жыл | 185 | 330 | 450 |
| | - өндірістік қажеттіліктеріне | кВт. сағ/ жыл | 678 | 1000 | 2000 |
| 6.3.2 | Жылына орта есеппен 1 адамға электр тұтыну | кВт. сағ | 5076 | 6650 | 9423 |
| | соның ішінде: | | | | |
| | - коммуналдық-тұрмыс қажеттіліктеріне | кВт. сағ | 1088 | 1650 | 1730 |
| 6.4. | Жылумен жабдықтау | | | | |
| 6.4.1 | Орталықтандырылған көздердің қуаты | мВт | 1342 | 1342 | 1580 |
| | соның ішінде: | | | | |
| | ТЭЦ-1 | мВт | 87 | 87 | 87 |
| | ТЭЦ-2 | мВт | 630 | 630 | 630 |
| | ТЭС | мВт | 625 | 625 | 625 |
| 6.4.2 | Жылытуға тұтыну | мВт | 313,3 | 671,1 | 938,6 |
| | соның ішінде: | | | | |
| 14.1 кестенің 6 жалғасы | | | | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | - коммуналдық-тұрмыс қажеттіліктеріне | мВт | 250,6 | 488,5 | 679,5 |
| | - өндірістік қажеттіліктеріне | мВт | 62,7 | 182,6 | 259,1 |
| 6.4.3 | Ыстық сумен жабдықтау тұтынысы | мВт | 27,3 | 48,0 | 69,3 |
| | соның ішінде: | | | | |
| | - коммуналдық-тұрмыс қажеттіліктеріне | | 20,4 | 33,6 | 50,3 |
| | - өндірістік қажеттіліктеріне | | 6,9 | 14,4 | 19,0 |
| 6.5. | Газбен жабдықтау | | | | |
| 6.5.1. | Табиғи газ тұтыну | Млн. куб. м | 1186,1 | 1348,3 | 1482,0 |
| | соның ішінде: | | | | |
| | - коммуналдық-тұрмыс қажеттіліктеріне | Млн. куб. м | 18,2 | 48,3 | 82,0 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - өндірістік қажеттіліктеріне | Млн. куб. м | 1167,9 | 1300,0 | 1400,0 |
| 6.5.2 | Сұйытылған газ тұтыну | Тонн жылына | 30 | 100 | 300 |
| | соның ішінде: | | | | |
| | - коммуналдық-тұрмыс қажеттіліктеріне | Тонн жылына | - | - | - |
| | - өндірістік қажеттіліктеріне | Тонн жылына | 30 | 100 | 300 |
| 6.5.3. | Табиғи газ беру көздері | млн. куб. м | 1167,9 | 1348,3 | 1482,0 |
| 7. | Аумақты инженерлік дайындау | | | | |
| 7.1. | Аумақты су тасудан қорғау | | | | |
| 7.1.1 | Ауданы | га | | | |
| 7.1.2 | Қорғаныс құрылыстарының ұзындығы | км | 0,9 | 5,0 | 8,52 |
| 7.2. | Жағаны бекіту | км | 1,3 | 5 | 8 |
| 7.3. | Топырақ сулары деңгейін төмендету | га | | 50 | 50 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК